



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Субханбердина Ү.Х. Қазақ халқының атамұралары: мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш.- А.: Қазақ энциклопедиясы, 1999, 834 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А.: Мектеп, 2008, 480 б.
3. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1998, 560 б.
4. Букейханов А. Киргизы - Формы национального движения в современных государствах. – А.: Атамұра, 2005, 250 с.

ӘОЖ 94(574)

ДІН ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Спатаева Ақерке

Erke_07_91@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология мамандығының 1 курс
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Қ.Сәрсембина

Дін –адам баласының, қоғамның гүлденіп дамуының кепілі. Тәуелсіздік алған жылдардан бері дінді әр – түрлі бағытта түсіндірулер көбейіп кеткендігі салдарынан азаматтардың түрлі діни ағымдардың ықпалына түскендігі де шындық. Азаматтық қоғамда діни – плюралистік көзқарастардың болуы табиғи нәрсе. Алайда, діннің негізгі қағидалары бұрмаланбауы тиіс. Дін туралы сауатты ақпараттарды жақсы игерген тұлға діни адасудан аулақ болады. Дінді түрлі мақсатпен түсіндіруге діни басқарма тосқауыл қою шараларымен айналысып, құқықтық органдар олардың заңсыз іс-әрекеттеріне заң жүзінде сараптама жасауға ұмтылуда. Елімізде діндер мен діни ағымдарға қатысты мәселелер жеткілікті.

Баланы түзу тәрбиелеу тектілік қалпы екендігі ақиқат. Түзу тәрбие алған адам – иманды адам. Қазақтың дәстүрлі қоғамында балаға, ең алдымен, діни білім берілген еді. Алаш зиялыларының барлығы ишан, молдалардан білім алған жандар. Діни білім арқылы өмірдің мәні ұғындырылды, өмір ақиқаты түсіндірілді. Қазақтың мұсылманшылығы Арыстан бап, Иассауи даналардың жолымен сүрленген имандылыққа негізделген еді. Ұлттық дәстүр ислам қағидаларына қайшы келмегендіктен де, мұсылманшылық тұтқасымен қабысқан еді. Қазақ болмысының алғырлығы, өмір ақиқатын ұғынған білімі мен білігі ел сүйгіш тұлғаларды қалыптастыруға негіз болды.

Ұлттық рух - ұлт дамуының өзегі. Ұлттың рухтың діңгегі - тіл, дін, тарих деп мәдениет қуатының негізі болар рухани құндылықтарды айтамыз. «Отанды сүю иманнан» - деген даналық бар. Иманды адам ұлтының жанын ұғынып, қадірлейді, ұлтына барлық болмысымен қызмет етеді. Демек, ұлттық рухпен қаруланған жанның бойында ғана Отансүйгіштік деңгей жоғары қалыптасады. Ұлт ісі кісілік келбеттің қоғам өмірінде терең тамыр жаюына қатысты дамымақшы. Сондықтан рухани жетілген жан ғана ұлттық рухтың мәнін түсініп, оны қорғаушы ғана емес, кейінгі ұрпаққа жеткізуші қызметті атқарып, Отан алдындағы азаматтық борышын, ұлт алдындағы перзенттік парызын адал орындайды. Сөйтіп, өзін өзгелерге қадірлете біледі.

Дін адам баласының ізгілік жолымен өмір сүруі үшін шыққан рухани дүние. Діни сауатты жан адамның дін үшін емес, діннің адам үшін өмір сүретіндігін әріден ұғынады. Осыған орай діннің ұлттық құндылықтарды (ақиқатқа сай) дамытушы қуат екендігі де белгілі. Ақиқаттың АЛЛАДАН, шындықтың адамнан екендігін ғылым сырын түсінген адам жаны тез ұғады. Ақиқат дегеніміз талқылауға келмейтін, бопсалауға көнбейтін, адамның жетегінде жүрмейтін категория. Адам баласы керісінше ақиқаттың жетегінде жүруі тиіс екендігін де зерделей білуіміз қажет. Ақиқатты ақыл көзімен көре білгендер шындықтан

ажырамайды. Ал, шындықтың жалынан айрылмаған жандар ақиқаттан адаспайды. Ақиқаттан адасу адам боласын ессіздікке итереді. Ессіздік ақылдан адастырып, арды арамдыққа апарып былғаныш етеді. Міне, осы тұста нағыз трагедия басталады. Ар ілімін аяқ асты еткендер елдік сананың іргесін өз қолдарымен сөгетіндер. Арамға былғаныш болған ардың адалдануы екіталай. Бұл мәселені Шәкәрім қажы

Қазақтың көзсіз баласын,

қаңғытып қайда барасың?

Арыңды сатып арамға,

Адалдап қалай аласың?[1, 138 б.] -

деп төтесінен қойған еді. Сондықтан, дәстүрлі дінінен ажыраған ұлттың болашағы да күнгірт. Дін адамдық дәнін егуші әрі адам игілігіне қызмет етуші. Дін сауатты өмір сүруге жөн сілтейтін рухани құндылық. Түзу діннің ұстанымы ақиқат болғандықтан да өмір шындығын одан артық ешкімде ұғындырып бере алмайды. Өмір шындығы өзіңе, отбасыңа, жақындарыңа, Отаныңа, адам баласына мейірімді болу ісімен парықталады. Қасиетті Құранда адамдарға жақсы болу міндеттелген. Шәкәрім мұсылман дінінің теориясын терең меңгергендіктен ар ілімі тұжырымын жасады. Ар ілімі әрқашанда адамнан да, қоғамнан да ажырамайтын ақиқат. Адамның арлы болуы маңдайымызға мәңгілікке жазылған ақиқат. Ақиқаттан ажырасақ өмірімізден мән кететіндігін көзі қарақты оқырман бірден ұғынады. Адам өмірге өмірін мәнді өткізу үшін келетіндігі де ақиқат. Өмірдің мәні Абай ғұламаның «Толық адам болу» ұстанымымен айқындалады.

Дініміз ата – ананы құрметтеуге ерекше мән береді. Мұсылман дінін таза ақылмен қабылдаған адам өз басына, жақындарына, қоршаған ортасына, бір сөзбен айтқанда Отанына адал қызмет ете біледі. Аллаһ расулы бір хадисте былай деген: «Әрқайсысың жауапкерсіңдер. Баршаң да қарамағыңа жауаптысыңдар: Ел басшысы – жауапкер; ол – қарамағына жауапты. Ер адам – отбасының басшысы; ол – отбасына жауапты. Әйел – ерінің үйіне басшы; ол – меншігіне жауапты. Қызметші - мырзасының мал-мүлкінің басшысы: иелігіне жауапты. Әркім – жауапкер: әрбірің қарамағыңа жауаптысыңдар» (Бухари, Жума, 11; Уасайа, 9; муслим, Имара, 20; Әбу Дәууд, Имара,1) [2]. Көңіл көзі ашық адам жауапкершіліктің аманат екендігін ұғынады. Осы тұста «Расында, Аллаһ сендерге аманаттарды лайықты орнына тапсыруларыңды, адамдардың арасына билік етсеңдер, әділдікпен билік етулеріңді әмір етеді. Расында, Аллаһ сендерге неткен жақсы өсиет айтады. Күдіксіз, Аллаһ – барлық нәрсені естуші, күллі нәрсені көруші» (Ниса, 4/58) [3, 183] – деген мазмұндағы аятты келтіруді жөн көріп отырмыз. Қазақ тарихын жетік білетіндер қазақ баласының аманатқа қиянат жасамайтындығын да біледі. Отбасына қатысты қазақ халқында көптеген мақал-мәтелдер бар.

Өмірдің мәні имандылықта. Иманы зор адам ұлт рухының қорғаны. Пайғамбарымыз иман туралы бір хадисінде былай деген екен: «Иман-мүміндердің көңілінде бейне 7 мүшеге қарай өсіп, 7 түрлі жеміс береді. Біріншісі жүрекке ұласады. Оның беретін жемісі - ДҰРЫС ИДЕЯ. Өйткені, идея азат әрі дұрыс болған адамда жақсы ниет болады. Ал жақсы ниет көптеген сауапты іске апарады. Екінші бұтағы тілге ұласады. Оның беретін жемісі - ШЫН СӨЙЛЕУ. Өйткені, шыншылдық-иманның нұры, жалғандық қараңғы беті» [2, 169 б.]. Өмірдің ақиқаты да осы. Ғұлама Қожа Ахмет Йассауи «Ең алдымен иманды түзеу арқылы адамды, сосын ортаны, содан кейін заманды түзеуге болады», - деп жазған еді. Ал, Абай он екінші қара сөзінде «...Күзетшісіз, ескерусіз иман иман тұрмайды, ықыласыменен өзін – өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды» [3, 266.], - деп зерделеген-ді. Шәкәрім ғұлама:

Жоба тап,

Жол көрсет,

Келешек қамы үшін.

Қайтадан қайырылып

Қауымға келмейсің.
Барыңды, Нәріңді
Тірлікте бергейсің.
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң –
Шын бақыт, Осыны ұқ,
Мәңгілік өлмейсің! [1, 9 б.],-

Деп Құран теориясын халыққа өлең арқылы түсірді.

Сондай-ақ, Шәкәрім ғұлама білімсіз, өнерсіз ақылдың тұл болатындығын дәлелдеді. Адам басының бағы үшін нәпсісін тыйып, мансапқорлыққа салынбау қажеттілігін түйіндейді. **Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбекті** ұстанғандар ғана толық адам мәртебесін иеленетіндігін тұжырымдайды. Абай данышпан 28 – ші қара сөзінде «Әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз екен. Және әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, енді біз ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады, «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? ...Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады? Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады?» [3] – деп ұғындырған-ды.

Біз жалпылама дәстүр деген сөзден көрі ұлттық дәстүр ұғымын қолданар едік. Түсінген адамға ұлттық дәстүр елдіктің, мемлекетшілдіктің іргетасы. Алайда, қазіргі таңда осы бір ұғымның мәні мен мазмұнын өз биігінен қарайтындар қатары тым сирек. Дәстүр десе көпшіліктің көкейіне қызылды-жасылды киініп, киіз үй тігіп, қазақы тағам дайындап, домбырамен ән айтып, күй тарту елестейді. Ұлттық мейрамдарда ұлттық киім киіну арқылы ғана ата-баба дәстүріне берікпіз деп айтуға болмас. Бұл тым қате әрі жалаң көзқарас. Ұлттық дәстүрге философиялық көзқараспен қарау керек. Ұлттық дәстүр ана сүтімен бала бойына ену қажет. Дәстүріне берік ұлт әлемдік өркениет көшіне ілеседі.

Ұлттық салт-дәстүр дегеніміз, белгілі бір ұлтқа тән дәстүр. Ұлттық дәстүр бұзылған жерде халықтан бірлік кетеді, отбасы құндылығы сақталмайды. Қандай ұлт болмасын, өзінің дәстүрін жаһандану қармағынан қорғай әрі сақтай білуі тиіс. Дәстүрінен ажырамаған елдер өркениет көшінен қалмайды. Мәселен, жапон халқының тарихына көз жүгіртсеңіз, халықтық салт-дәстүрден айырылмай, соның арқасында XX ғасырдың екінші жартысының есігін “жапондық дәстүр, еуропалық білім” деген ортақ ұранмен ашты. Сөйтіп, олар өз діндерін, өздерінің ұлттық мәдениетін сақтай отырып, Батыс өркениетіне енді. Осының арқасында жапондықтар әр салада еуропалықтарды тез қуып жетті де, әлемдік өркениет төрінің қак ортасынан ойып тұрып, орын алды.

Қазақтың ұлттық дәстүрі өмір ақиқатымен сабақтаса байланысып жатыр. Ал, өмір ақиқаты мұсылман дінінің негізгі теориясы. Қазақ ұлтының адамды сыйлау ғұрпынан бірашама мысалдар келтірсек. Мәселен, қазақтарда үйіне келген кез келген адамға міндетті түрде тегін қонақасы беру, оған жайлы төсек-орын салып, қондырып жіберу әдет-ғұрпы ежелден бар. Егер үй иесі қонаққа ондай құрмет көрсетудің дәстүрлі әдет-ғұрпынан бас тартқан жағдайда, жолаушы үй иесінің үстінен биге барып, шағым айтуға құқылы еді. Ал, би өз кезегінде қонақжайлылық әдет-ғұрыпты бұзған үй иесіне ат-тон айып салатын-ды. Алайда, қонақты сыйламау қазақ үшін құдайға қарсы шыққанмен бірдей түсінік еді. Қонақты сыйлау, шын ниетіңмен дәм ұсыну туралы Құранда да арнайы жазылған.

Қазақтарда ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптың бірі - дәм ауыз тию. Үйге бас сұққан кез келген адам «Қуыс үйден құр шықпайтын» еді. Қазақтардың және бір жақсы әдет-ғұрпы - ерулік беру. Басқа жақтан жаңадан көшіп келгендерді оның туған-туыстары немесе көршілері арнайы дастарқанға шақырып, ерулік тамақ беру сыйластық ниеттен туындайтын. Далалық көшпелілердегі кеңінен таралған әдет-ғұрыптардың бірі - қалау. Үйге келген қонақтың сол үйдегі өзіне ұнаған заттың кез келгенін қаладым деп айтуына болады, ал үй иесі ол затты міндетті түрде беруі тиіс. Мұның өзі де адамдар арасындағы достық қарым-қатынастың негізін қалайтын. Анасы аман-есен босанып, дүниеге жас нәресте келген соң тап

осы әдет-ғұрып бойынша кіндік шешенің де өз қалауын айтып, ұнаған нәрсесін алуына болатын.

Қымызмұрындық - қымыз ашыту маусымының басталуына байланысты әдет-ғұрып. Қымызмұрындыққа шақырған үй иелеріне ауыл ақсақалдары ақ батасын береді. Қазақтарда жылу жинау әдет-ғұрпының мәні де тереңде жатыр. Қиын жағдайға тап болған адамға қол ұшын беру.

Ұлттық дәстүрімізді бойына сіңірмей өскен өскелең ұрпақ діни адасушылыққа жақын болады. Діннің атын жамылған істердің салдарынан қоғам рухани тоқырап болашақта үлкен жанжалдарға тап болуы әбден мүмкін. Сондықтан, рухани қазынамызды шынайы өмірге өз деңгейінде енгізу арқылы мемлекет ісін алға дамытамыз. Рухани сұхбатты уақыт ағымымен бірге жүргізу зиялылар мойнындағы борыш. Әсіресе, Шәкәрім сынды ғұламалардың шығармаларын зерделеу өз болмысымыздың қыр – сырын игеруге, өмір мәнін ұғынуға жол ашпақ. Мұсылман дінінің мақсаты адамды түзу жолға салу, ақиқаттан қия бастырмау. Ақиқатты тану имандылықтың көрінісі. Ғұламаның сөзімен айтқанда

Ақиқат жерде қалмайды,

Таныған жанға кез болса[1, 25 б.].

Мұсылман діні адамды құрметтеуді, қадірлеуді басты орынға қояды. Өмірдің өткіншілігін ұғындырып, жақсы адам болу концепциясын ұсынады. Бұны түзу түсінген жан кейінгі ұрпақтың алдындағы парызын ойлап, ұлттың қамын жейді. Ұлтына, Отанына деген зор махаббат оның екі дүниенің рахатына бөленуіне жетелейді. Шәкәрім ғұлама:

Алланың пендесіне рақымы мол,

Сен де өзіндей адамға мейірімді бол.

Ол жаратты, сен-дағы жаратып бақ,

Бардан барды шығарсаң болады сол [4, 213-214 бб.] –

деп түзу өмір сүрудің жолын көрсетті. Құранның ақиқатын білген данышпан «Бір Құдайың сабырлы, сен де шыда» деп, одан әрі

Мұны білсең, боласың сүйікті құл,

Құлы болсаң, Қожаңның сүйгенін қыл.

Шын мұсылман болайын деп ойласаң,

Құдайға құл болудың мәнісін біл [4, 214 б.] –

деген терең философиялық тұжырым жасайды. Қазіргі таңда күнделікте өмірде бет-бет кездесіп отырған өмір мәнін жете ұғынбау, өмірдің қадірін білмеу, дін теориясын бұрмалау секілді жат қылықтарды тізгіндеудің тура жолы – түзу дін. Түзу дінді ұғынуға жол ашатын терең білім.

Қазақтың ұлттық дәстүрін зерделегенде мұсылман дінімен біте – қайнасқан түсінікті көреміз. Мұсылман діні отбасынды құрметтеуге, Отанды сүюге, адам баласын сыйлауға, иманды болуға, яғни толық адам болуға жетелейді. Осы рухани құндылықтардың біздің дәстүрімізде мың жылдық тарихы бар. Ислам діні ұлттық дәстүрімізбен бірге өрілген. Себебі, дәстүріміздің дінге қайшы тұстары жоқ. Дәстүр халықтық тәжірибеден, өмір талабынан қалыптасқан. Дін мен дәстүрдің сабақтастығын Құран теориясымен мазмұндас мақал-мәтелдер, халық даналығы дәлелдейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы.- А.: Арыс, 2008, 136 б.
2. Адилбаев А. Саңлақ сахабалар. - А.: Алтын қалам, 2007, 169 б.
3. Абай. Қарасөздер. – А.: Арыс, 2009, 120 б.
4. Өұдайбердіұлы Ш. Иманым.- А.: Арыс, 2000, 321 б.